



“Конфуцийшілдіктің
басты принциптері”

Басты ұстанымдары:



1. *Жэнь ұстанымы* – (адамды сүю) – Конфуцийлік этиканың басты ұстанымы болып табылады. Конфуций: “Жэнь бұл – адамдарға деген сүйіспеншілік” (12.22) деген екен. Жэнь бұл – “адамның табиғи түйсіну сезімі, бірақ ол білімнің арқасында мәдениеттендіріліп, өркениетті нәрсеге айналды”.

Жэнь – моральдық мұрат және тәрбие мақсаты.

Жэнь ұстанымы: “Өзіңе қаламайтынды, басқаға жасама”

2. *Ли ұстанымы* – (“салтанат, рәсім, әдет – ғұрыптар, сыпайылық, жақсы мәнерлер”) – қоғамдық мораль мен өмірдің жиынтығын, мінез – құлықтың қоғамда қабылданған формаларын білдіреді. *Ли* – қоғамдық дамуыдың және әдет – ғұрыптардың дамуының нәтежиесі ретінде де анықталады. Конфуцийдің “Ли” ұғымына берген анықтамасы: “бұрынғы өткен замандар даналарының халықтың санасын ояту және қоғамдық тәртіп орнату үшін ойлап тапқан ерекше әлеуметтік жаңашылдықтары”



孝順

Конфуцийдің пайымдауынша “жеке тұлға” шектеліп қалған адам емес, керісінше, ол басқа тұлғалармен бірлесіп өмір сүреді. “Ли” дәл осы адами қатынастарды сипаттайды.

3. **Сяо ұстанымы** – (ұл мен қыздың ата – анасын құрметтеуі) – ата – анаға деген өркениеттік қарым – қатынас.

Конфуций: *“Жастар ата – аналарын құрметтеуге, ал үйден сырт жүргенде, үлкен адамдарға сый – құрмет көрсетуге, қандай іс болса да жауапкершілікпен қарауға, өз халқын сүйюге жіне адамгершілік қасиеті жоғары адамдарға жақын болуға тиіс. Егер осы істерді атқарғаннан кейін де олардың күш – қуаттары қалып жатса, онда оларды білім алуға жұмсаулары керек”.*

4. **Ди ұстанымы** – бауырластық сезім, айналадағы адамдармен, замандастармен өркениетті қарым – қатынас жасау.

5. **Чжун ұстанымы** – (шын берілген сезім) – жоғары тұрған: билеушілерге, императорларға, қожайындарға, тіпті өз еліне өркениетті көзқарас.

6. ***И ұстанымы*** - (борыш, әділеттілік) – өркениетті сезімдерді іс жүзінде керек уақытта және керек жерде білдіру.

7. ***Цзюнь – цзы ұстанымы*** - (“мүлтіксіз еркек” немесе мүлтіксіз тұлға) – сезімдерді мүлтіксіз етіп тәрбиелеу қасиеттерін бойына жинаған адам.



Конфуцийліктің философиялық – теологиялық басты қағидалары:

1. *Аспан “Тянь”* – адамды өз еркіне бағындыратын ұлы бастау, жоғарғы тәңір. Аспан – адамзат рухын дүниеге келтіретін және өмірлік қағидаларды ұстанатын жалпыға ортақ ата – баба және ұлы билеуші.

2. *“Аттарды түзету”, міндетке сай елгезектік* – (жоғары тұрғандарға қатаң бағынушылыққа сәкес) – әркім өз ісіне сай лайықты болу.

“Патша – патша болуға, қызметші – қызметші болуға, ұл – ұл, ал әке – әке болуға тиіс” Конфуций.

3. *Ата – баба культі* – Конфуцийлік дүниетанымның басты қағидасы. Әрбір отбасынаң өзінің ата – аналарының және туған – туыстарының ғибадатханалары (мяо), болмаса ата – бабаларын бейнелейтін қуыршақтар немесе аһолардың аты – жөндері қара түсті нәрсеге қызыл түсті иероглифтермен жазылған тақтайшалар қойылған шағын алтарьлар болады.

Бұл олардың ата – баба рухына деген құрметін білдірген.

Ата - бабалар культінде абыздар болып отбасының жасы үлкені тағайындалады

4. ***“Ізгілікті еркек”*** – әдет – ғұрыптарды бұлжытпай орындайтын, әдептілікті, жазылмаған ережелерді сақтайтын, ***Ли*** қағидаларын ұстанатын, мақсат – мұратқа сай келетін адам.

***“Егер әркімнің ізгіліктері болмаса, ол қалайша салт – дәстүрге адал бола алады?
Егер ол әділетті, адамгершілікті болмаса, онда қандай үйлесімділік туралы
айтуға болады?”***

Конфуций.

***“Елдегі билік әділетсіз болса – бай және атақты болудан қаш, ал егер ел дұрыс
басқарылып тұрса – кедей болудан және атақты болмаудан қаш”***





5. *“Педагогика”* – “көнені”, қытай дәстүрлерін жақсы білу және бұрынғы ұстаздарын құрметтеп, олардың айтқанына құлақ асу.

“Салт – дәстүрлерді және адет – ғұрыптарды қатаң ұстау, маңыздысы - осы”

6. *“Ортадағыны ойлау туралы ілім”*

Өмір мақсаты – заттардың мәніне жету; заттардың мәніне тек қана біліммен жетуге болады; ал білім жүрек табиғатын өзгертуге және тәнді жетілдіруге көмектеседі. Білім негізінде “жоғарғы парасат – заң” жатыр, “Аспанасты заңы - парасат” екі ғана нәрсе: *шындық* және *өтірік* бар деп үйретеді. Шындықпен жүрген адам тек жақсылық жасайды. Жамандықты өтіріктің жолына түскен адам жасайды.



Абекенов Максат
“Дінтану негіздері”
1ГМК - 2